In the process of research, the author used methods of analysis, synthesis, comparative-legal, historico-legal, structural-system, statistical, concrete sociological methods. It should be noted that in the Kazakh legal science complex studies devoted to this subject matter under the new criminal procedure legislation were not conducted.

In this connection, the article suggests mechanisms for ensuring the principle of adversarialism and equality of the parties.

The author points out that the author strengthens the powers of the defender in criminal proceedings and extends judicial control in pre-trial stages of criminal proceedings.

Based on the quantitative indicators of the activities of the investigative judges as implementers of judicial control, the author fully supports the legislative initiative to expand judicial control in the modernization of criminal justice. Realization of the right of the defender to appear before the investigating judge on the conduct of investigative actions is an important element of the principle under investigation.

Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат Тұжырымдамасында қылмыстық процесте айыптаушы мен қорғаушы тараптарының жарыспалығы қағидатын одан әрі дамыту жөнінде шаралар қабылдануы керектігін атап өткен болатын¹.

Сот ісін жүргізуді тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы негізінде жүзеге асыру қылмыстық процестің негізгі қағидаттарының бірі, оны мүлтіксіз сақтау жалпы қылмыстық сот ісін жүргізудің легитимділігінде көрініс табады.

Қылмыстық процестік құқық доктринасында жарыспалық теориясының дамуына үлкен үлес қосқан М.С.Строговичтың пікірі бойынша «жарыспалық болып соттың айыптау мен қорғау тараптарының қатысуымен істі қарауы және бұл ретте айыпталушының (сотталушының) тараптардың барлық құқықтарын пайдалану мүмкіндігі. Тараптар: айыптаушы, жәбірленуші, сотталушы, қорғаушы, сондай-ақ азаматтық талапкер мен жауапкер және олардың өкілдері – өздерінің талаптарын соттың алдында қорғауға, басқа тараппен айтылған дәйектерді жоққа шығару үшін тең процестік құқықтарға ие болады. Айыптау мен қорғау функциялары сот талқылауында тарап болып табылмайтын шешуші және басқарушы рөлге ие сот функциясынан бөлектенген [1].

Бұл принцип қылмыстық процестің типологиясымен тығыз байланысты болғандықтан ерекше назарда болатыны анық.

Тарихи қалыптасқандай қазақстанның қылмыстық процесі аралас моделіне жата-

ды. Бұл орайды жарыспалық көп жағдайда қылмыстық процестің сот сатыларында көрініс тапқан, ал сотқа дейінгі сатыларда айыптау тарабының мүмкіндіктері қорғау тарабына қарағанда іс жүзінде кең екендігі белгілі.

Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің (ары қарай ҚР ҚПК) 23 бабының 1 бөлігіне сәйкес «1. Қылмыстық сот ісін жүргізу айыптаушы және қорғаушы тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты негізінде жүзеге асырылады» - деп бекіткен².

Аталған қағидаттың мәні бойынша қылмыстық процесте сот тараптарға тең құқықты қамтамасыз етіп объективтілік пен бейтараптылық негізінде сот төрелігін жүзеге асырады. Қылмыстық процестің функцияларының жіктелуіне сәйкес айыптау мен қорғау функциялары осы қағидатқа сүйене отырып іске асады. Бұл орайда, соттарға сот ісін жүргізуде аталған қағидатты қамтамасыз етуге басым рөл берілген. Себебі, сотқа айыптау мен қорғау функциялары жат және ол сот төрелігін іске асырушы болып табылады. Бұл туралы ҚР ҚПК 23 бабының 2-6 бөліктерінде көрсетілген нормалар дәлел бола алады:

2. Қылмыстық қудалау, қорғау және соттың істі шешуі бір-бірінен бөлінген және оларды әртүрлі органдар мен лауазымды адамдар жүзеге асырады.

3. Адамның қылмыстық құқық бұзушылықты жасаудағы кінәлілігін дәлелдеу және оның өзін қорғайтын дәлелдерін теріске шығару міндеті – қылмыстық қудалау органдарына, ал сотта

¹ Қазақстан Республикасының Президентінің 24 тамыз 2009 жылғы №858 Жарлығымен 2010-2020 жылдарға арналған Қазақстан Республикасының құқықтық саясат Тұжырымдамасы// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U090000858>

² Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРПЗ// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z147>

іс жүргізу кезінде мемлекеттік және жекеше айыптаушыларға жүктеледі.

4. Қорғаушы күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаудың заңда көзделген барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға міндетті.

5. Сот қылмыстық қудалау органы болып табылмайды, айыптаушы немесе қорғаушы тарап жағында әрекет етпейді және құқық мүдделерінен басқа қандай да болсын мүдделерді білдірмейді.

6. Сот объективтілікті және бейтараптылықты сақтай отырып, тараптардың өз процестік міндеттерін орындауы және өздеріне берілген құқықтарды жүзеге асыруы үшін қажетті жағдайларды жасауға міндетті.

ҚР ҚПК 23 бабының 7 тармағында «Қылмыстық процеске қатысатын тараптар тең құқылы, яғни оларға Қазақстан Республикасының Конституциясына және осы Кодекске сәйкес өз ұстанымын қорғауға бірдей мүмкіндіктер берілген. Сот процестік шешімді тек тараптардың әрқайсысына бірдей негізде зерттелуіне қатысу қамтамасыз етілген дәлелдемелерге ғана негіздейді»- деп бекіткен³.

Жалпы алғанда, қылмыстық процесте тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатының тәжірибеде қамтамасыз етілуі жөнінде сұрақ заң ғылымында және құқық қолдану тәжірибесінде өзекті мәселе болып саналады. Әсіресе, бұл мәселе бұрынғы кеңес мемлекеттерінің қылмыстық сот ісін жүргізуіне тән. Оны кеңес одағының қылмыстық процесінің айыптау және репрессиялық сипаттағы бағытта болуымен түсіндіруге болады. Карастырылып отырған қағидат 1959 жылғы Қазақ КСР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде мүлдем жоқ болғандығы белгілі.

Бүгінгі күні еліміздің қылмыстық процесінде тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығымен байланысты процестік бұзушылықтар әлі болса да құқық қолдану тәжірибесінде орын алуда.

Сот-тергеу тәжірибесі көрсетіп отырғандай, сотқа дейінгі сатыларда қорғаушылардың күдікті мен айыптаушыларды қорғау бойынша процестік мүмкіндіктері шектеулі. Процестік заң механизмдері толық көлемде қорғауды іске асыруға жол бермейді. Мұндай пікірді еліміздің сот органдарының өкілдері де айтуда. Осыған байланысты соттар сотқа дейінгі сатыларда адвокаттардың өкілеттіктерін кеңейту бойынша ұсыныстар

білдіруде.

Мұндай пікірді, ҚР Жоғарғы Сотының судьясы Г.Мергеновада айтуда, оның пікірі бойынша «Егерде тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидаты сотқа дейінгі сатыларда тиісті түрде жұмыс істемесе, бұл айыптау тарабына сотқа дейінгі сатыларды айыптау бағытында жүргізуге мүмкіндік береді. Айыптау бағытына қарсы тұра алатын жалғыз тарап, ол эффективті қорғану тарабы» [2].

Шетел тәжірибесіне сүйеніп, қылмыстық процесті жарыспалық пен тең құқылықты арттыруға бағытталған бірқатар пікірлер бар. Мәселен, Б.Раисова Ұлыбританияның заң тәжірибесін зерттей келе, қазақстандық қылмыстық процесс жүйесіне енгізуге болатын ұсыныстар білдіруде: «айыптау тарабы мен қорғану тарабының өзара ақпарат алмасу мен ашу процедурасын көздейтін тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығын енгізу керек, бұл өз кезегінде қылмыстық процесте кәсіби қорғаушы ретінде адвокаттың рөлін арттыратын еді. Мұндай институтты енгізу Қазақстан халқы үшін қылмыстық процесті ашық, ал қорғауды нәтижелі және маңызды ететін болады»- деген көзқараста [3].

Айта кетерлік, жарыспалылық мен тең құқылық қағидатының сотқа дейінгі сатыларда жүзеге асуы көп жағдайда қорғаушының дәлелдемелер жинау мәселесіне келіп тіреледі. Бұл сұрақ 1997 жылғы редакциядағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінде де шешілмеген мәселелердің бірі бола тұра, жаңа кодекстеде жалғасын тапты. Яғни, бұл сұрақ қылмыстық процесс теориясы мен тәжірибесінде бұрыннан келе жатқан мәселелердің қатарында. Мысалға, бұл мәселе туралы А.Тугел келесідей пікір айтқан «қорғаушының дәлелдеу процесінде тең құқықтылыққа жетуге мүмкіндіктері шектеулі, сонымен бірге процестік заң нормаларының тәжірибеде жүзеге асуы қиындық туғызады. Мәселен, қорғаушыға белгілі-бір дәлелдемені ұсыну үшін алғашында оны алу қажет. Осы орайда, қорғаушының қылмыстық процестік қызметінің адамгершілік-этикалық аспектілері маңызды сипатқа ие болады, өйткені қорғаушы оған берілген дәлелдемелерді жинау бойынша құқығын теріс пайдаланбау қажет»[4].

Аталған қағидаттың тәжірибеде тиісті түрде жүзеге асуын қамтамасыз ету үшін екі түрлі тұжырымдалық міндетті шешу арқылы мүмкін деген ойдамыз.

³ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі Қазақстан Республикасының Кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРПЗ// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z147>

Бірінші, жоғарыда аталған пікірлерге сүйене отырып, қорғаушы-адвокаттың сотқа дейінгі сатыларда өкілеттіктерін кеңейту.

Заң шығарушы қылмыстық процесте адвокаттың рөлін нығайту бойынша біршама шаралар атқарды. Еліміз тәуелсіздік алғалы бері қылмыстық процестік заңнама эволюциялық түрде дамып келе жатыр, оған сот-құқықтық реформаның жемістері айғақ болады. Қылмыстық процесс аясында адвокат-қорғаушының өкілеттіктерінің дамуын хронологиялық түрде үшке топтастыруға болады:

1. 1997 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу кодексі аясындағы қорғаушылардың өкілеттіктері және оларды кеңейту бойынша енгізілген өзгерістер мен толықтырулар. Осы жылы алғаш тәуелсіздік алғаннан кейін «Адвокаттық қызмет туралы ҚР Заңы» қабылданған болатын;

2. 2014 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің нормаларымен қорғаушының өкілеттіктерін кеңейту бойынша енгізілген жаңалықтар.

Жаңа ҚР ҚПК қабылдануы қорғаушылардың өкілеттіктерін біршама кеңейте түсті. Мәселен, ҚР ҚПК 70 бабының екінші бөлігінің 13 тармақшасына сәйкес «қорғауындағы адамның қатысуымен процестік әрекеттің өткізілетін уақыты мен орны туралы, сондай-ақ қорғаушы тараптың шағымдарын, бұлтартпау шарасын қолдану, күзетпен ұстау мерзімін ұзарту, айғақтарды сақтауға қою туралы өтінішхаттарды қарауға байланысты барлық сот отырыстары туралы қылмыстық процесті жүргізетін орган арқылы күні бұрын хабардар етілуге құқылы». Сонымен бірге, қорғаушы ретінде қатысатын адвокат ҚР ҚПК 70 баптың үшінші бөлігінде көзделген бұрын болмаған құқықтарға ие болды:

1) тергеу судьясы алдында куәның және жәбірленушінің айғақтарын сақтауға қою туралы өтінішхат беруге;

2) сұрау салуды орындаудан бас тартылған не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаған жағдайда тергеу судьясы алдында, мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерді қоспағанда, күдіктіге, айыпталушыға, қорғалуға құқығы бар куәға білікті заң көмегін көрсету және олардың мүдделерін қорғау үшін қажет кез келген мәліметтерді, құжаттарды, нәрселерді

талап етіп алдыру туралы өтінішхат беруге;

3) егер қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, тергеу судьясы алдында сараптама тағайындау туралы өтінішхат беруге;

4) істің мән-жайлары туралы бірдене білетін адамдардан сұрақ алуға, оның ішінде ғылыми-техникалық құралдарды пайдалана отырып, сұрақ алуға және осылайша алынған нақты деректерді іс материалдарына қосып тігу туралы өтінішхат беруге;

5) сарапшының, маманның іс бойынша қорытындыларын шарттық негізде алуға және осындай қорытындыларды іс материалдарына қосып тігу туралы өтінішхат беруге;

6) тергеу судьясы алдында өзі бұрын сұрақ алған айғақ беру үшін келуін қамтамасыз ету қиындық туғызатын куәны қылмыстық процесті жүргізетін органға мәжбүрлеп әкелу туралы өтінішхат беруге құқылы⁴.

3. 2017 жылғы Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексіне қылмыстық процесті жаңғырту аясында енгізілген заңмен көзделген өзгерістер мен толықтырулар. Бұл өзгерістер ҚР ҚПК 70 бабының 3 бөлігінің 3 тармақшасына енгізілген болатын «3) жасырын тергеу әрекетін қоспағанда, оның ішінде қылмыстық қудалау органы осындай өтінішхатты қанағаттандырудан негізсіз бас тартса не ол бойынша үш тәулік ішінде шешім қабылданбаса, тергеу судьясының алдында сараптама тағайындау не сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тергеу әрекетін жүргізуі туралы өтінішхат беруге»⁵.

Демек, қорғаушы тергеу судьясына сотқа дейінгі тергеп-тексеру органының тергеу әрекетін жүргізуі туралы өтінішхатты тікелей беру құқығының пайда болуын атауға болады.

Сонымен бірге, тағы бір жаңалықтардың бірі болып ҚР ҚПК 296 бабының 4 бөлігіне енгізілген өзгерістер: 4. Күдікті мен қорғаушы іс материалдарымен танысып болғаннан кейін сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам олардың өтінішхат мәлімдейтінін және нақты не туралы екенін, қандай өзге де мәлімдемелер жасағысы келетінін анықтауға міндетті.

Бұл ретте күдікті мен оның қорғаушысы қылмыстық іске міндетті түрде қоса тігілетін

⁴ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРПЗ// <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z147>

⁵ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 118-VI ҚРПЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000118>

қосымша дәлелдемелер мен өзге ақпарат береді. Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адам осы Кодекстің 297-бабының үшінші және төртінші бөліктерінде көзделген тәртіппен қосымша тергеу әрекеттерін жүргізуге құқылы.

Тараптардың сол кезде қолда бар дәлелдемелер мен өзге материалдарды толық көлемде ұсынбауы оларды дәлелдемелер ретінде жіберуге болмайды деп тануға алып келеді.

Бұл ретте қорғау тарапы, өзінің пікірі бойынша, күдіктіні қорғау мүдделерін қамтамасыз ету үшін ерекше маңызы бар дәлелдемені, уәждемесіне қарамастан, сотқа дейінгі тергеп-тексеру органына бермеуге құқылы.

Күдікті мен оның қорғаушысынан олардың жауап алынған куәлардың, сондай-ақ іске қатысатын сарапшылардың, мамандардың және куәгерлердің арасынан нақты қайсысын сот отырысына жауап алу және қорғану ұстанымын растау үшін шақыртқысы келетіні анықталуға тиіс⁶.

Аталған норма күдікті мен қорғаушының қылмыстық іс материалдарымен танысу кезінде бір жағынан тараптарға (қорғаушыға) міндетті түрде қосымша дәлелдемелер мен өзге ақпарат беруге міндеттесе, екінші жағынан алғанда қорғау тарабына ерекше маңызды дәлелдемелерді бермеуге құқық береді. Бұл ретте заң шығарушының логикасы түсініксіз. Тәжірибеде аталған норманың іске асыруы біршама сұрақтар туғызатыны сөзсіз. Сонымен бірге, біздің ойымызша, бұл жағдайда бас сот отырысы кезінде мұндай жолмен келген дәлелдемелерді зерттеудің ерекшеліктерін заң жүзінде анықтап алған жөн. ҚР ҚПК сот сатыларына қатысты нормаларында бұл туралы еш нәрсе айтылмаған.

Айта кететін жағдай, бұрынғы қылмыстық процестік заңнамада қорғаушыда мұндай өкілеттіктер болған емес. Оны қылмыстық процесте жаңа процестік тұлға тергеу судьясының, бірқатар жаңа тергеу әрекеттерінің және институттардың пайда болуымен байланыстыруға болады. Мәселен, процестік келісім институтына қатысты ҚР ҚПК 616 бабының 2 бөлігіне сәйкес «Процестік келісімге прокурор, күдікті, айыпталушы, оның қорғаушысы қол қояды. Процестік келісімге қол қойылғанға дейін күдіктінің, айыпталушының өз қорғаушысымен бірге оның ережелерін оңаша және құпия талқылауға құқығы бар». Осы сияқты қорғаушының өкілеттіктері ҚР ҚПК жекелеген нормаларында орын алған.

Тиісінше, ендігі кезеңде қорғаушының

қылмыстық процесс аясында өкілеттіктерін ары қарай кеңейту келесі бағыттарда жүзеге асуы тиіс деп санаймыз:

- ҚР ҚПК енгізілген соңғы өзгерістер мен толықтырулар бойынша сот-тергеу тәжірибесін зерделеп қорғаушының дәлелдемелерді жинау мен ұсыну бойынша өкілеттіктерін ары қарай заңнамалық кеңейту, ол үшін дәлелдемелерді жинау мен ұсыну процедурасын деталді түрде регламенттеу;

- ҚР ҚПК нормаларына талдау жүргізіп тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатына қайшы келетін нормаларды сәйкестендіру. Өйткені, ҚР ҚПК 70 бабында көрсетілген өкілеттіктер түсінікті болғанымен көптеген сұрақтар жекелеген тараулардағы нормалар бойынша туындайды.

- «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заң жобасын талқылау аясында адвокаттардың өкілеттіктерін нәтижелі іске асыруына бағытталған құқықтық механизмдерді енгізу.

Бұл бағыттарды іске асуы қылмыстық процесте жарыспалылық пен тең құқықты жаңа деңгейге көтереді. Көрсетілген ұсыныстармен құқық қолданушылар және заңгерлер келіседі деген ойдамыз.

Жекелеген ұсыныс:

ҚР ҚПК 414 бабының 1 бөлігіне орыс тіліндегі редакциясы толықтыруды талап етеді:

«1. Право апелляционного обжалования приговора, постановления принадлежит осужденному, оправданному, их защитникам, в том числе вступившим в производство по делу после оглашения приговора представителям и законным представителям, потерпевшему (частному обвинителю), их представителям и законным представителям. Гражданский истец, гражданский ответчик, их представители и законные представители вправе обжаловать приговор в части, относящейся к гражданскому иску».

«оглашения приговора» сөзінен кейін «защитникам» сөзімен толықтыру керек, себебі қазақ тіліндегі редакцияда келесідей берілген:

«1. Үкімге, қаулыға апелляциялық шағым жасау құқығы сотталған адамға, ақталған адамға, олардың қорғаушыларына, оның ішінде үкім жария етілгеннен кейін іс бойынша іс жүргізуге кіріскен қорғаушыларға, олардың өкілдеріне және заңды өкілдеріне, жәбірленушіге (жекеше айыптаушыға), олардың өкілдеріне және заңды өкілдеріне тиесілі. Азаматтық талапкер, азаматтық жау-

⁶ Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі 2014 жылғы 4 шілдедегі № 231-V ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1400000231#z147>

апкер, олардың өкілдері және заңды өкілдері үкімге азаматтық талап қоюға қатысты бөлігінде шағым жасауға құқылы».

Екінші, тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын жүзеге асырудың маңызды механизмы мен кепілі ретінде сотқа дейінгі сатыларда соттық бақылауды кеңейтуді жатқызуға болады. Мұндай пікірді Д.Канафинде айтуда «сот бақылауы - әділ қылмыстық процесс қағидаттарын нәтижелі жүзеге асуын және тараптар арасында тепе-теңдікті қамтамасыз ететін институт. Сот бақылау функциясы сотқа дейінгі сатыларда жарыспалыққа кепіл бола алатын элементтердің бірі, қазіргі қоғамда репрессиялық нысанға тән прокурорлық қадағалау функцияларын жокқа шығарып, орнын ауыстыруға мүмкіндік береді» [5].

Сотқа дейінгі сатыларда сот бақылауының және адам құқықтары мен бостандықтарын қорғауының негізгі көрінісі болып тергеу судьялары табылады. Тергеу судьясы сияқты жаңа процессуалдық фигураның пайда болуына үш жылдан астам уақыт өтті.

Тергеу судьяларының қызметінің 2016 жылғы және 2017 жылдың 1 жарты жылдығы қорытындалары келесіні көрсетеді:

2016 жылы тергеу судьялары санкциялау туралы 58 525 материалды қарады, немесе 2015 жылмен салыстырғанда бұл көрсеткіш 2,6 есеге көп (22 306).

Атап айтқанда, соттар қамақта ұстауды, ұйқамақты, экстрадициялық қамақты санкциялау және мерзімін ұзарту туралы барлығы 18 732 өтініш хатты қарады, оның ішінде 18 101 өтініш хат немесе 96,67%-ы қанағаттандырылды (16 502 өтініш хат қаралды, оның ішінде 15 813 немесе 95,8%-ы қанағаттандырылған).

Тергеу судьяларына жүктелген жаңа өкілеттіктер бойынша 28 275 материал (27 920-ы немесе 98,7%-ы қанағаттандырылды), оның ішінде алуды – 22 914 немесе 81%, тінтуді – 3 854 немесе 13,6%, жеке тінтуді – 1 418 немесе 5%, қарап-тексеруді санкциялау туралы – 89 материал немесе 0,3% қаралды.

2017 жылдың 1-жартыжылдығында тергеу судьялары 31 787 материал қарады, бұл 2016 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда 9,3%-ға көп (29 082), оның ішінде, санкциялау туралы – 28 482, олардың ішінде 27 756 немесе 97,5%-ы қанағаттандырылды (24 189, 23 656 немесе 97,8% қанағаттандырылды).

Соттар қамақта ұстауды, ұйқамақты, экстрадициялық қамақты санкциялау және мерзімін ұзарту туралы барлығы 12 524 өтінішхатты қарады, оның ішінде 12 007 немесе 95,9% өтінішхат қанағаттандырылды (8 523 өтінішхат қаралды, оның ішінде 7 998 немесе 96,9%-ы қанағаттандырылған).

Тергеу судьяларына жүктелген жаңа өкілеттіктер бойынша 14 413 (14 285 немесе 99,1% қанағаттандырылды), оның ішінде алуды – 10 836 немесе 75,2%, тінтуді – 2 631 немесе 18,3%, жеке тінтуді – 918 немесе 6,4%, қарап-тексеруді – 28 немесе 0,2% санкциялау туралы материал қаралды⁷.

Тергеу судьяларының сотқа дейінгі сатыларда соттық бақылау жүргізудің жағымды тәжірибесі қалыптасқандығын ескере отырып, 2017 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңымен⁸ көзделген прокурорлардан тергеу судьяларына келесі өкілеттіктерді беруді мақсатқа лайықты деп санаймыз:

- жасырын тергеу әрекеттерді жүргізуді, жасырын тергеу әрекеттерді жүргізудің мерзімдерін ұзартуды санкциялау, оған қатысты жасырын тергеу әрекеттері жүргізілетіндігі туралы адамдарға хабарлау, сондай-ақ сотқа дейінгі органдарға жасырын тергеу әрекеттері жүргізілетіндігі туралы адамдарға хабарламауға келісім беру;

- кепілді қолдануды санкциялау;
- мәжбүрлеп куәландыруды санкциялау;

- мәжбүрлеп үлгілер алуды санкциялау.

Егерде кепілді қолдануды, мәжбүрлеп куәландыруды және мәжбүрлеп үлгілер алуды санкциялау заңи процесс нәтижесінде орын алса, жасырын тергеу әрекеттерді жүргізуді санкциялау соттық бақылауды жаңа дәрежеге шығарады. Себебі тарихи қалыптасқандай қылмыстық процестің кеңестік кезеңінде соттық бақылау мүлдем назарсыз қалған болатын.

Атап өту керек, Қазақстанның тәуелсіздік алғанынан бері маңызды, елеулі қадам болып сотқа дейінгі сатыларда қамау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдануды санкциялаудан бастап, сот бақылауының

⁷ Аналитические доклады и обзоры информационного характера о деятельности судов, в том числе о состоянии отправления правосудия судами республики // <http://sud.gov.kz/rus/content/analiticheskie-doklady-i-obzory-informatsionnogo-haraktera-o-deyatelnosti-sudov-v-tom-chisle>

⁸ Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2017 жылғы 21 желтоқсандағы № 118-VI ҚРЗ // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1700000118>

кезең-кезеңмен даму жолы табылады.

Бүгінгі күнде қылмыстық процесті модернизациялау аясында жасырын тергеу әрекеттерді санкциялау туралы сұрақ шешілді. Мұндай санкциялаудың маңызды бөлігі ретінде оған қатысты жасырын тергеу әрекеттері жүргізілетіндігі туралы адамдарға хабарлау табылады.

Қазірдің өзінде сот жүйесіне облыстық және республикалық маңызы бар қалаларда мамандандырылған тергеу соттарын құру қажеттілігі қарастырылып, Елбасымен тиісті Жарлыққа қол қойылған болатын. Қылмыстылықтың деңгейін ескеретін болсақ, бұл бастаманы өте уақытылы және қажет деп санаймыз.

Сот бақылауын сотқа дейінгі сатыларда шектерін кеңейту бойынша қылмыстық процестік заңнаманың дамуының бағыттарына келесілерді ұсынамыз:

- тергеу судьяларымен жедел іздестіру шараларын жүргізуді санкциялау туралы сұрақ заңнамада шешілмегендігін айта кету керек, мәселен, жоғарыда аталған заңмен⁹ бірқатар өзгерістер мен толықтырулар «Жедел іздестіру қызметі туралы Заңына» енгізілетін болады. «Жедел іздестіру қызметі туралы ҚР Заңының» 11 бабының 3 бөлігінде белгіленген арнайы жедел іздестіру шаралары редакциялық өзгеріске ұшырап Қазақстан Республикасының қылмыстық процестік кодексінің 231 бабында көрсетілген алғашқы 6 жасырын тергеу әрекетін дәл қайталайтын болмақ. Ол үшін шетел тәжірибесін зерделеу керек. Мысалы, Азербайджан Республикасының қылмыстық процестік кодексіне¹⁰ сәйкес жедел іздестіру шарасын жүргізуге рұқсат беруді сот қадағалауы аясында шешіледі екен (442-448 баптар).

Бұл сұрақтың қажеттілікке қарай дамыту жасырын тергеу әрекеттерін тер-

геу судьяларымен санкциялау тәжірибесі қалыптасқаннан кейін, оның оң және сол жақтарын жаң-жақты зерттеп ғылыми негіздемелерді қарастыру керек.

- процестік келісімді тергеу судьясының бекітуін көздейтін құқықтық механизмді қарастыру. Әрекет етіп тұрған қылмыстық процестік заңнама (ҚР ҚПК 615 бабының 2 бөлігі, 618 бабының 2 бөлігі) бойынша процестік келісімнің екі нысаны бойынша да сұрақты прокурор шешеді. Мұндай қажеттілікті біз 2014 жылы диссертациялық зерттеу [6] аясында шетел тәжірибесіне сүйене отырып айтқан болатынбыз. Осы орайда, күдіктімен (айыпталушы, сотталушы, сотталған адам) прокурор арасында жасалған ынтымақтастық туралы келісімді тергеу судьясымен бекіту туралы сұрақ зерттеуді талап етеді. Бұл айыптау тарабы жағынан заңды бұзушылықтарға жол бермеуге және аталған адамдардың құқықтарының сақталуының және келісімде көзделген міндеттемелерді орындаудың кепілі болар еді. Соттар өзінің заңмен бекітілген миссиясын орындау барысында тараптардың мүддесіне қарай бет бұра алмайды, яғни олар объективтілік пен бейтараптылықты сақтайды. Сондықтан, соттарға келісім жасау барысында соттық бақылауды қамтамасыз ету жүктелуі тиіс. Бүгінде сот бақылауын кеңейту туралы сұрақ туындауына байланысты бұл мәселенің өзектілігі артта түсуде.

Сот бақылауын кеңейту идеясын ары қарай дамыту арқылы біз қылмыстық процесте тараптардың жарыспалылығы мен тең құқылығы қағидатын қамтамасыз етуге қосымша серпін береміз, ал бұл өз кезегінде қылмыстық сот ісін жүргізу аясына түскен адамдардың құқықтары мен бостандықтарын, заңды мүдделерін қорғауға кепіл.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Строгович М. С. Курс советского уголовного процесса. М., Наука. 1958
2. Мергенова Г. Принцип состязательности и равноправия в уголовном судопроизводстве// <http://www.zakon.kz/4875671-printsip-sostyazatelnosti-i.html>
3. Раисова Б. Принцип состязательности сторон уголовного процесса в Великобритании// <http://www.zakon.kz/4874610-princip-sostyazatelnosti-storon.html>
4. Тугел А.К. Участие адвокатов в процессуальном доказывании по уголовным делам // Актуальные проблемы теории и практики применения уголовного и уголовно-процессуального права Республики Казахстан: Материалы международной научно-практической конференции – А.: 2007. – 301 с.
5. Канафин Д.К. Соблюдение принципа состязательности, равенства сторон и права на защиту в уголовном процессе// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37826422#pos=1;-117
6. Балғынтаев А.О. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізушілік келісім жасау кезіндегі ерекше өндіріс: философия доктор ... дис. – Өскемен, 2014. – 137 б.

REFERENCES

1. Strogovich M. S. Kurs sovetskogo ugolovnogogo protsesssa. M.. Nauka. 1958
2. Mergenova G. Printsip sostyazatelnosti i ravnopraviya v ugolovnom sudoproizvodstve// <http://www.zakon.kz/4875671-printsip-sostyazatelnosti-i.html>
3. Raisova B. Printsip sostyazatelnosti storon ugolovnogogo protsesssa v Velikobritanii// <http://www.zakon.kz/4874610-princip-sostyazatelnosti-storon.html>
4. Tugel A.K. Uchastie advokatov v processual'nom dokazyvanii po ugolovnym delam // Aktual'nye problemy teorii i praktiki primeneniya ugolovnogogo i ugolovno-processual'nogo prava Respubliki Kazakhstan: Materialy mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoy konferencii – A.: 2007. – 301 s.
5. Kanafin D.K. Soblyudeniye printsipa sostyazatelnosti. ravenstva storon i prava na zashchitu v ugolovnom protsesse// https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=37826422#pos=1;-117
6. Balgintayev A.O. Kylmystyk ister boyynsha is zhurgizushilik kelisim zhasau kezindegi erekshe ondiris: filosofiya doktor ... dis. – Uskemen. 2014. – 137 b.

УДК 343.1 (574)

МЕЖДУНАРОДНО-ПРАВОВАЯ ПОМОЩЬ В УГОЛОВНО-ПРОЦЕССУАЛЬНОМ ПРАВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Омаров Ербол Агбаевич

Ведущий научный сотрудник Межведомственного научно-исследовательского
Института Академии правоохранительных органов при Генеральной прокуратуре
Республики Казахстан. Республика Казахстан, Акмолинская область
пос. Косиы, доктор PhD, e-mail: e.omarovmirza@gmail.com

Ключевые слова: институт; подотрасль; правовая помощь; международное сотрудничество; уголовно-процессуальное право.

Аннотация. Расширение границ международного сотрудничества государств в сфере уголовного судопроизводства является причиной пересмотра методологических подходов к изучению некоторых правовых категорий. В представленной статье рассмотрены уголовно-процессуальные отношения, возникающие в процессе оказания правовой помощи по уголовным делам, с целью разрешения вопроса обособления правовой помощи в качестве самостоятельного института подотрасли – международного сотрудничества, входящего в состав уголовно-процессуального права. Применение системного анализа, сравнительно-правовых и формально-юридических методов, позволило выявить актуальные вопросы методологического регулирования правовой помощи и международного сотрудничества в системе права. В результате изучения мнений ученых в рассматриваемой сфере, автором установлено отсутствие в научной литературе единого мнения относительно содержания института, субинститута, а также подотрасли права, что вызывает методологические трудности при рассмотрении таких категорий как правовая помощь и международное сотрудничество. Анализируя международное сотрудничество, автором выделены его особенности выраженные в виде внешнего обособления и объединения нескольких самостоятельных институтов, предмета регулирования - специфичных правовых отношений, входящих за рамки иных процессуальных институтов, особых методов и приемов правового регулирования, специальных принципов, наличия собственного раздела, где разъясняются общие положения международного сотрудничества. Автор приходит к выводу, что правовая помощь это самостоятельный институт уголовно-процессуального права, находящийся в составе подотрасли - международного сотрудничества. Полученные результаты, отражающие научное понимание правовой помощи и международного сотрудничества, могут послужить основой для дальнейшей научной полемики и проведения новых научных исследований, при подготовке учебных и практических пособий, учебно-методических рекомендаций по изучению проблем международного сотрудничества и уголовного процесса в целом, а также в законотворческой деятельности и преподавании юридических дисциплин.